



«МҰНАЙГАЗ ІСІ» МАМАНДЫҒЫ

ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ


Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» Жолдауы негізінде Үкімет пен Білім және ғылым министрлігінің алдына қойған тапсырмасы бойынша университеттердің біртіндеп академиялық және басқарушылық автономияға өту жағдайы – қазіргі университеттердің ғылым мен техниканы дамыту бағытын үздіксіз озық түрде дайындауды классикалық университеттердің академиялық ғылымдармен, бизнеспен, өкіметтік органдармен серіктестікте инновациялық білім кеңістігі негізінде жүзеге асыруы болып табылады. Бұл, әрине, білім мен білім беру технологияларын әлемдік тәжірибелермен бірлесіп қолдану арқылы жүзеге асыру деген сөз. Осыған орай қазіргі кезде көптеген ірі университеттер инновациялық оқыту әдісіне көшіп жатыр.

«Мұнайгаз ісі» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау «Оңтүстік Қазақстан университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорында жүзеге асырылады. Аталмыш университет «Мұнайгаз ісі» аумағында, талаптарға сай мамандар дайындайды. Білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды дайындау күндізгі, сырттай және дистанциялық оқу формаларымен жүзеге асырылады. Ол талапкерлердің санының арттыруына қарай студенттер контингентінің жылдан жылға ұлғайып жатқандығын көрсетеді.

Білім беру сапасын қамсыздандыру бойынша тәуелсіз Қазақстандық агенттігінде (БСҚА) арнайы аккредиттеу стандарттарының критерийлеріне сәйкес 5В070800 – «Мұнайгаз ісі» білім беру бағдарламасын өзін-өзі бағалау бойынша нәтижесі оң бағаланды. Сол сияқты М.Әуезов атындағы ОҚМУ-нің 5В070800 – Мұнайгаз ісі мамандығы (бакалавриат бойынша) «Болон процесі және академиялық ұтқырлық Орталығының ұлттық рейтингі

– 2013» байқауынан 2 орынды иеленді. Бұл, өз кезегінде университетімізде оқытылатын мамандықтар үшін, соның ішінде «Механика және мұнайгаз ісі» факультеті үшін, жоғары көрсеткіш. Мұндай жетістіктер «Мұнайгаз ісі» кафедрасында білім беру бағдарламаларының «Мұнайгаз ісі» мамандығын бітірушілерге керекті жалпы және кәсіби біліктілігін қалыптастыру үшін, оқу жүйесінде сабақтардың аудиториядан тыс жұмыстармен сәйкес келетін активті және интерактивті түрлерін қолдану, оқыту жүйесін белсендіру үшін қосымша әдістер ретінде: case-study (шынайы проблемалық ситуацияларды талдау мен жақсы шешім іздеу); IT-әдістер; проблемалық оқыту; тәжірибе негізінде оқыту; өз бетінше оқу; аралас сабақтарды оқу; озық өз бетінше жұмыс пайдаланылу нәтижелерінің қорытындысын көрсетеді.

Білім беру бағдарламасын құрайтын инновацияны қалыптастыруда ҚР мұнайгаз секторларына жоғары білікті мамандар дайындау үшін, кластерлік жүйе қолданып, ол өз кезегінде іргетастық,



модульдік, аралас сабақтармен және кәсіби дайындау міндеттерін орындайды. Кәсіби қабілеттерді дамыту мақсатында облыстың мұнайгаз кәсіпорындары мен «Мұнайгаз ісі» кафедрасы бірігіп, «ОңтүстікМұнайгаз» АҚ-ы кәсіпорнына мамандар даярлау мақсатында оқу-ғылым-өндірістік кешен (ОҒӨК) құрған болатын. ОҒӨК аясында оқу жұмыс жоспары мен профильді сабақтардың оқу бағдарламасы ұқсас болғандықтан, екіжақты келіскен мамандарды дайындау жұмыстары сапалы жүргізілуде.

Кәсіпорындардың сұраныстарына сай студенттер ұнғымаларды орнатуларды құрастыру жайлы нақты шешімдері бар технологияны, жүйелерді жүзеге асыру және басқа да тақырыптарда курстық және дипломдық жұмыстар жаза алады. «Университет-кәсіпорын» серіктестігіне қатысу – жұмыс берушілерге жоғарғы курстарда оқитын болашақ әріптестерін таңдауға және мамандар дайындау жұмыстарын жақсартуға зор мүмкіндік береді. Бұл бағыт бойынша сабақтар өтуде ұнғымаларды орнату, қазіргі және капиталды ремонт жүргізу станоктары, мұнайгаз өндірісінің диагностикалық зертханасы бар бұрғылау және мұнай өндірісінің құрал-жабдықтары бар оқу-білім полигоны «ОңтүстікМұнайгаз» АҚ-ы кәсіпорнында жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының мақсаттарын орындау үшін, кафедрада қазіргі жоғарғы мектептер талабына сай базалық білімі бар мамандар; материалдық ресурстар (лингфоны, интерактивті тақтасы, компьютерлері бар кабинеттер; спорттық құралдар, компь-

ютерлік оқыту бағдарламалары, аудиоманитофондар CD, DVD, видео, аудио материалдар, электронды, мультимедиа, экраны бар оқу-әдістемелік материалдар) және тәжірибе базасымен бекітілген материалды ресурстар жеткілікті. Сол сияқты кәсіби мамандар даярлауда кафедраның оқытушы-профессорлар құрамы тарапынан қоғамдық, ведомствалық және мемлекеттік марапаттауға ие болған профессорлар – ҚР Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты Казим Надиров, «ЖОО үздік оқытушысы» грантының иегерлері Владимир Голубев, Манап Жантасов, Гульмира Бимбетова, Айнұр Садырбаева, Арслан Орынбасаровтың есімдерін атап өткен жөн.

Еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаев өзінің жыл сайынғы Жолдауында мұнайгаз саласын одан әрі дамыту қажеттігін ерекше атап өтті. Қазақстанда әлемдік мұнай қорының 3,2%-ы шоғырланған, яғни біздің еліміз мұнай қоры бойынша алғашқы 10 елдің қатарына кіреді және әлемде 7-ші орынға ие.

Сондықтан, «Мұнайгаз ісі» кафедрасында оқитын өнеркәсіптік тәжірибеге қалыптасқан оқытушылар оқу орнын бітіріп жұмысқа орналасқан сәттен бастап, өндіріске тез бейімделіп, еңбек шарттарының талаптарын қанағаттандыра алатын өз мамандығының жетік білікті иесі бола алады.

**Г. БИМБЕТОВА,
К. НАДИРОВ**
М.Әуезов атындағы
ҚУ-нің «Мұнайгаз
ісі» кафедрасының
профессорлары